

2025 жылғы күнтізбелік жоспарға сәйкес AP26198511«Орталық Азия аймағындағы креативті индустрияның интеграциялық әлеуеті: бағалау әдіснамасы мен іске асыру тетіктерін дамыту» жобасын іске асыру туралы

Қысқаша мәліметтер

Тапсырма ма шифры, кезеңі	Шарт бойынша жұмыстардың атауы және оның орындалу негізгі кезеңдері	Нақты нәтижелер
1	Деректер базасын қалыптастыру (дереккөздерді, арнайы әдебиеттерді таңдау және талдау), оның ішінде Ташкент, Бішкек кітапханаларына, ғылыми орталықтарына ғылыми іссапарлар барысында жобаны әзірлеу және алдыңғы зерттеулерге, теория мен әдістемеге шолу жасауға арналған зерттеу бөлімін жазу. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланатын шетелдік және(немесе) отандық басылымдарда мақаланы және(немесе) шолуды жариялау.	Жоба деректер базасымен ішінара қамтамасыз етілген: қажетті дереккөздер мен зерттеу материалдары, оның ішінде Орталық Азия елдерінің ұлттық мемлекеттік және статистикалық мекемелерінен, мәдени және креативтік экономика бойынша ақпарат жинап жариялайтын халықаралық ұйымдардан алынған материалдар. Ташкент пен Бішкектегі зерттеу орталықтарына, білім беру және мәдени мекемелеріне жасалған ғылыми іссапарлар барысында болашақ зерттеу кезеңдерінде серіктес немесе ақпарат беруші ретінде қатыса алатын ұйымдар, сарапшылар мен бастамашыл топтардың алдын ала дерекқоры қалыптастырылып, сондай-ақ сауалнамалар, тереңдетілген сұхбаттар мен фокус-топтарды кейінгі кезеңдерде өткізуге арналған әлеуетті алаңдар мен жергілікті командалар айқындалды. Алдыңғы зерттеулерге, теорияға және әдістемеге арналған зерттеу бөлімі дайындалды. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланатын шетелдік және(немесе) отандық басылымдарда 1 (бір) мақала жарияланды.
1.1	Орталық Азия елдерінің креативтік индустриялар саласындағы интеграциялық әлеуетін пәнаралық зерттеу барысында қолданылатын әртүрлі әдістердің өзара әрекеттестігі мен синтезін қамтамасыз ететін тиімді әдістемені әзірлеу.	22.10.2025 ж. зерттеудің тұжырымдамалық және әдістемелік тәсілдерін талқылау бойынша онлайн әдістемелік семинар өткізілді. Орталық Азия елдерінің креативтік индустриялар саласындағы интеграциялық әлеуетін пәнаралық зерттеу барысында қолданылатын әртүрлі әдістердің өзара әрекеттестігі мен синтезін қамтамасыз ететін тиімді зерттеу әдіснамалық аппараты әзірленді. Зерттеу көп деңгейлі және пәнаралық талдау принципі бойынша жүргізіледі. Әдіснамалық құрылымда үш деңгей айқындалады. Теориялық-тұжырымдамалық деңгей —

		интеграцияның қолданыстағы үлгілерін, креативті экономиканың теорияларын, институционалдық даму мен цифрлық трансформацияны талдауды қамтиды. Эмпирикалық-аналитикалық деңгей — Орталық Азия елдері бойынша деректерді жинауды және талдауды қамтиды: макроэкономикалық көрсеткіштер, мәдени индикаторлар, институционалдық параметрлер, сондай-ақ далалық және әлеуметтанулық зерттеулер мәліметтері. Модельдеу деңгейі — жасанды интеллект әдістерін қолдана отырып, интеграциялық әлеуеттің математикалық моделін жасау, бұл өзара әрекеттесудің ағымдағы деңгейлерін өлшеуге ғана емес, сонымен қатар даму сценарийлерін болжауға мүмкіндік береді.
1.2	Орталық Азия елдерінің креативті индустриялар саласындағы интеграциялық әлеуетінің тұжырымдамалық және теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу, сонымен қатар ынтымақтастыққа ықпал ететін ортақ мәдени, экономикалық және әлеуметтік факторларын анықтау.	Орталық Азия елдерінің креативті индустриялар саласындағы интеграциялық әлеуетінің тұжырымдамалық және теориялық-әдіснамалық негіздері әзірленді, сонымен қатар ынтымақтастыққа ықпал ететін ортақ мәдени, экономикалық және әлеуметтік факторлар айқындалды. Зерттеу креативті индустриялар тек мәдениетке, өнерге және цифрлық технологияларға қатысты салалардың жиынтығы ғана емес, шығармашылық экономикалық ресурсқа айналатын жаңа экономиканың инновациялық секторы, ал зияткерлік және мәдени капитал аймақтың бәсекеге қабілеттілігінің негізі болып табылады деген тұжырымдамалық идеяға негізделген. Тұжырымдаманың негізгі элементтері айқындалған: креативті капитал — адам ресурстары, дағдылар, таланттар, жаңа жасау қабілеті; институционалдық орта — креативті индустриялар жұмыс істейтін нормативтік, ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайлар; цифрлық инфрақұрылым мен жасанды интеллект технологиялары — креативті экожүйелердің өсуін, масштабталуын және интеграциясын қамтамасыз ететін құралдар. Бұл үш компонент одан әрі талдау жүргізілетін модельдің негізін құрайтын интеграциялық үштікті қалыптастырады.
1.3	Орталық Азия елдерінің интеграциялық әлеуетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздеріне арналған бөлімді дайындау және ресімдеу, сонымен қатар ынтымақтастыққа ықпал	Орталық Азия елдерінің интеграциялық әлеуетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздеріне арналған бөлім дайындалды, сонымен қатар ынтымақтастыққа ықпал ететін ортақ

	ететін ортақ мәдени, экономикалық және әлеуметтік факторларды анықтау.	мәдени, экономикалық және әлеуметтік факторлар анықталды. Бөлімде Орталық Азия елдерінің мәдени және креативті индустриялар саласындағы заңнамасына талдау жүргізілді. Тарихи және заманауи контекстті талдау негізінде келесі негізгі тұжырымдамалар мен модельдер анықталды: 1. DCMS моделі (Ұлыбритания, 2001). Модель креативті салаларды қолдау саясатына ықпал етті, бірақ әлеуметтік аспектілерді елемей, тек коммерцияға шоғырланғаны үшін сынға ұшырады. 2. UNCTAD/UNESCO (2008–2025) – Креативті экономикаға арналған жаһандық есептер. Есептер елдерді «дамушы» деп жіктеуді сынға алады және креативті индустриялардың инклюзивті өсім мен экономиканың әртараптануына қосатын әлеуетін атап көрсетеді. 3. Ричард Флорида ұсынған креативті класс теориясы. Теория урбанистикаға ықпал еткенмен, теңсіздікті елемей, элитаға шоғырланғаны үшін сынға ұшырайды. 4. Джон Хоукинс креативті экономика теориясы. Теория дамушы елдерде саясатты ынталандырады, идеяларды монетизациялау мен цифрландырудың рөлін атап көрсетеді. 5. Қызғылт сары экономика (Колумбия/IDB, 2020-жылдар). Қызғылт сары экономика жаһандық құн тізбектерін, инвестицияларды (мысалы, 2025 жылы IDB 600 млн доллар инвестициялады) және тұрақтылықты қолдайды. 6. Азияның модельдері: Оңтүстік Корея (Hallyu) және Сингапур. Бұл тұжырымдамалар коммерцияға шоғырланудан тұрақтылық пен инклюзивтікке қарай дамып, ғаламдық саясатқа әсерін тигізді. Сонымен қатар бөлімге 2025 жылы Астана Халықаралық қаржы орталығы шығарған «Қазақстанның креативті индустриялары» туралы AIFC шолуы, сондай-ақ British Council, UNDP, UNESCO және Орталық Азия елдеріндегі басқа ұйымдардың қызметіне талдау енгізілген. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланатын шетелдік
--	---	--

		және(немесе) отандық басылымдарда 1 (бір) мақала жарияланды.
--	--	--

2025 жылға арналған күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланған жұмыстар тізімі

2025 жылға арналған күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланған жұмыстар тізімі	Деректер базасы
Таменова, С., <u>Хаджиева, Г.*</u> Искусственный интеллект в академических исследованиях: возможности, вызовы и перспективы // <i>Статистика, учет и аудит</i> . - 2025. - 3(98). - С. 264–277. DOI: https://doi.org/10.51579/1563-2415.2025.-3.19	Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық басылымдарда

Жобаның жетекшісі:

Хаджиева Гульжахан Усмановна, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор